

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ардагерлер Кеңесі туралы

ЕРЕЖЕ

I. Ардагерлер Кеңесі қызметінің құқықтық жағдайы, мақсаты мен міндеттері

1.1. Бастауыш ардагерлер ұйым қызметінің мақсаты ардагерлердің (зейнеткерлердің) бостандығын және құқығын қорғау, олардың қоғамдық өмірге қатысын, жоғарғы деңгейдегі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын қамтамасыз ету болып табылады.

2.2. Бастауыш ардагерлер ұйым қызметінің мәні:

- 1) Ардагерлердің материалдық және тұрғын үй жағдайларын, оларға мәдени-тұрмыстық, медициналық және басқа да қызымет көрсету түрлерін жақсарту;
- 2) Ардагерлердің оқу орындарында, ұжымдарда, әскери бөлімдерде аға буынның жауынгерлік және еңбек даңқы дәстүріне, ата-бабамыздың озық халықтық дәстүріне жастарды тәрбиелеу жұмысына қатысты. Жастарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу;
- 3) Мұражайлар, ескерткіштер мен мемориалдар құру және сақтау арқылы аға ұрпақты, Отан қорғаушыларды мәңгі еске сақтау;
- 4) Қоғамда ұлт-аралық және дінаралық келісімді, тұрақтылықты нығайту жөніндегі жұмыстарға қатысу;

1.3. Бастауыш ардагерлер ұйымы:

- 1) Тұрғылықты жеріне байланысты еңбек ұжымдарында меншіктің қандай түрі болмасын, соғыс және еңбек ардагерлердің ағымдағы мәселелерімен айналысады;
 - 2) Өз жұмысының әдістерін, формаларын және құрылымын шешеді;
- 2.3. Ардагерлерге қамқорлық жасау, жалғызбасты мүгедек, қартайған адамдарға жеке әлеуметтік катотека жүргізеді;
- 2.4. Ардагерлер арасында еңбекпен қамту қызметтерін дамытуға, коммерциялық құрылымдар құруға ықпал жасайды;
- 2.5. Еңбек ұжымдарымен, оқу орындарымен, әскери бөлімшелермен тығыз байланыс жасап отырады;
- 2.6. Мұражайлар, ескерткіштер, мемориалдардың қалыпты күйіндесакталуын қамқорлау;
- 2.7. Бастауыш ардагерлер ұйымы тіркеуден өткеннен кейін есеп шот ашуға және мөр, бланк жасақтауға құқылы;

II. Бастауыш ардагерлер ұйымдарын басқару органдары

2.1.Кемінде жылына бір рет өтетін жиналыс бастауыш ардагерлер ұйымының жоғарғы басқарушы органы болып табылады;

Жиналыс болатын орны, күн тәртібі жиналысқа дейін алдын ала хабарланады;

Ардагерлердің жастарынан өмі жиналысқа қатысқан жағдайда жиналыс құзыретті саналады;

2.2. Ардагерлер жиналасы:

2.2.1. Бастаушы ардагерлер ұйымы екі-үш жылға;

- Ірі бастауыш ұйымда мүшелер санын жиналыспен анықтап, кеңес құрамын сайлайды;
- Саны аз бастауыш ұйымда-төраға, орынбасары және хатшы сайланды;

2.2.2. Кеңес мүшесінен басқа қажет болан жағдайда жиналыстың шешімімен тексеру комиссиясын екі – үш жылға сайлауға болады.

2.2.3.Төрағаның, кеңестің және тексеру комиссиясының есебін тыңдайды;

2.2.4. Орталық кеңеске Ереже мен Жарғыға қосымша өзгерістер енгізу туралы ұсыныс береді;

- 2.2.5. Қалалық, аудандық конференцияларға делегат сайлайды;
- 2.2.6. Жеке ауызша немесе жазбаша арызы бойынша ардагерлер ұйымына мүше қабылдайды;
- 2.2.7. Сайлау кезінде депутаттыққа кандидаттар ұсынады;
- 2.2.8. Ардагерлердің проблемалары, басқа да мәселелері туралы Ережеге, Жарғыға қайшы келмейтін шешімдер қабылдайды;
- 2.2.9. Бастауыш ардагерлер ұйымының жиналыс аралығында атқарушы органы болып кеңес немесе төраға есептеледі.
- 2.4. Кеңес:
 - 2.4.1. Мүшелері арасынан төраға және оның орынбасарын екі-үш жылға сайлады;
 - 2.4.2. Осы ережедегі 1.4. тармақтағы қарастырылған шаралардың орындалуын жүзеге асырады;
 - 2.4.3. Ардагерлер жұмысының әртүрді бағыттары бойынша қоғамдық комиссиялар құрды;
 - 2.4.4. Бастауыш ардагерлер ұйым төрағасында жұмыс жоспары және оның орындалуы туралы мәліметтер болуы керек. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің, тыл еңбеккерлерінің, жалғыз басты басқа да категориядағы зейнеткерлердің бастауыш ұйымда белгіленген тәртіппен жасаған есебі болуы және қажетті жағдайда әлеуметтік картаға өзгерістер енгізу керек.
 - 2.4.5. Кеңес мәжілісі қажетті уақытта кем дегенде үш айда бір рет өткізіледі. Кеңестің шешімі көпшіліктің ашық даусымен қабылданады.
 - 2.4.6. Кеңестің с-қағаздарын жүргізеді.
- 2.5. Бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы:
 - 2.5.1. Кеңес мүшелеріне және қоғамдық комиссияларға сүйене отырып, ардагерлер ұйымының жұмысын ұйымдастырады;
 - 2.5.2. Бастауыш ардагерлер ұйымының есеп шотындағы ақшалай қаражатты жұмсай алады;
 - 2.5.3. Өз жұмысы туралы бастауыш ардагерлер ұйымы жиналысында жылына кем дегенде бір рет есеп береді.